

"Үшінші елдермен кедендей ақпарат алмасу мақсатында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің арасында электрондық ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыруды қамтамасыз ету" жалпы процесін іске асыру қағидаларын бекіту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 18 желтоқсандағы № 207 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 желтоқсандағы № 169 шешімін басшылықта ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шепті**:

1. Қоса беріліп отырған "Үшінші елдермен кедендей ақпарат алмасу мақсатында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің арасында электрондық ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыруды қамтамасыз ету" жалпы процесін іске асыру қағидалары бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы

T. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2018 жылғы 18 желтоқсандағы
№ 207 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

"Үшінші елдермен кедендей ақпарат алмасу мақсатында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің арасында электрондық ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыруды қамтамасыз ету" жалпы процесін іске асыру ҚАҒИДАЛАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығын құрайтын мынадай халықаралық шарттарға және актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт (бұдан әрі – Одақ туралы шарт);

2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шарт (бұдан әрі – Одақтың Кеден кодексі);

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректерді электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шенбериңдегі ортақ процестер тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шенбериңде Жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы №63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шенбериңдегі ортақ процестерді іске асыру тәртібін бекіту туралы" 2016 жылғы 19 желтоқсандағы № 169 шешімі;

кедендік ақпаратпен алмасу мақсатында Одакқа мүше мемлекеттердің электрондық ақпараттық өзара іс-қимылын көздейтін үшінші мемлекеттермен, олардың интеграциялық бірлестіктерімен және халықаралық ұйымдармен жасалған халықаралық шарттар (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттер, үшінші тараппен жасалған халықаралық шарттар).

2. Осы Қағидалар "Үшінші елдермен кедендік ақпарат алмасу мақсатында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің арасында электрондық ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыруды қамтамасыз ету" жалпы процесін іске асыруды ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды технологиялық жобалауды және жоспарлауды орындау үшін негіз болып табылады.

3. Жалпы процесті іске асыру Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шенбериңдегі жалпы процестер тізбесінің 76¹-тармағында көзделген.

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін төмендегілерді білдіретін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

"кедендік ақпараттың дерекқоры" – кедендік құжаттардағы құрылымдалған және егжей-тегжейленген мәліметтерді қамтитын кеден органдарының ақпараттық жүйесі шенбериңде ұлттық деңгейде құрылатын дереккор;

"техникалық шарттар" – әзірленуі үшінші тараппен жасалған халықаралық шартты іске асыру шенбериңде көзделген және техникалық талаптарды, соның ішінде сервистердің, электрондық хабарлардың құрамын, деректер құрылымын,

пайдаланылатын анықтамалықтар мен сыйыптауыштардың құрамы мен мазмұнын, сондай-ақ электрондық алмасуға қатысушылардың арасында ақпаратпен осындай алмасудың тәртібін және регламенттін айқындастын құжат;

"технологиялық құжаттар" – Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімінің 1-тармағында көзделген жалпы процесті іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттардың типтік тізбесіне енгізілген құжаттар;

"үшінші тарап" – Одақтың мүшесі болып табылмайтын мемлекет немесе мүше мемлекеттермен кедендік ақпарат алмасуды көздейтін Одақтың халықаралық шартының тараптары болып табылатын осындай мемлекеттердің халықаралық интеграциялық бірлестігі;

"мүше мемлекеттің орталық кеден органы" – мүше мемлекеттің кеден ісі саласындағы үәкілетті мемлекеттік органы.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар Одақ туралы шартта, Одақтың Кеден кодексінде және Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – интеграцияланған жүйе) құру және дамыту мәселелері жөніндегі Одақ органдарының актілерінде айқындалған мәндерде қолданылады.

II. Мақсаттары мен міндеттері

5. Жалпы процесті іске асырудың мақсаттары кедендік операциялар жасауды оңайлату, тауарлар шығаруды жеделдету және кедендік заңнаманы бұзушылықтардың және кедендік реттеу саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді бұзушылықтардың алдын алу болып табылады.

6. Жалпы процесті іске асырудың мақсаттарына қол жеткізу үшін осы Қағидаларға сәйкес мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) интеграцияланған ақпараттық жүйенің ұлттық сегменттері мен Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) сыртқы жүйелермен өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін интеграциялық сегментінің компоненттері арасындағы участкеде мүше мемлекеттердің аумақтарынан үшінші елдің аумағына әкетілетін және үшінші елдің аумағынан мүше мемлекеттердің аумағына әкетілетін тауарларға қатысты кедендік ақпаратпен электрондық алмасуды қамтамасыз ету;

б) кедендік ақпаратпен электрондық алмасу шенберінде мүше мемлекеттің орталық кеден органының мынадай:

кедендік ақпараттың дерекқорындағы мәліметтерді;

кедендік ақпараттың дерекқорынан бұған дейін ұсынылған мәліметтердің өзгерісі туралы;

кедендік ақпараттың дерекқорынан бұған дейін ұсынылған мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты беруін (алуын) қамтамасыз ету.

III. Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар

7. Мыналар:

а) мүше мемлекеттердің:

жөнелтуші кеден органы;

алушы кеден органы

рөлдерінде әрекет ететін орталық кеден органдары;

б) ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыруға бағытталған жұмыстарды жалпы үйлестіруді, сондай-ақ Комиссияның интеграциялық сегментінің кідіріссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін Комиссия (бұдан әрі – үйлестіруші) жалпы процеске қатысушылар болып табылады.

8. Мүше мемлекеттердің орталық кеден органдары мен үшінші тараптың орталық кеден органдарының арасындағы электрондық ақпараттық өзара іс-қимыл интеграцияланған жүйенің ақпараттық платформасының құрамына кіретін және Комиссияның интеграциялық сегментінің шеңберінде жұмыс істейтін сыртқы жүйелермен өзара іса-қимылдың кіші жүйесі ұсынатын сервистер (бұдан әрі – сыртқы шлюз) пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

9. Жалпы процесті іске асыру шеңберінде мүше мемлекеттердің орталық кеден органдары:

а) кедендейк ақпараттың дерекқорында мәліметтер (бұдан әрі – тауарларға арналған декларациялардан мәліметтер) қалыптастыруды және оларды Комиссияның интеграциялық сегментіне ұсынуды;

б) тауарларға арналған декларациялардан бұған дейін ұсынылған мәліметтердің өзгерістерін қалыптастыруды және оларды Комиссияның интеграциялық сегментіне ұсынуды;

в) тауарларға арналған декларациялардан бұған дейін ұсынылған мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты қалыптастыруды және оны Комиссияның интеграциялық сегментіне ұсынуды;

г) тауарларға арналған декларациялардағы мәліметтерді үшінші елдің орталық кеден органында өндеу нәтижелері, оның ішінде тауарларға арналған декларациялардағы мәліметтердің өзгерістері туралы Комиссияның интеграциялық сегментінен хабарламалар және тауарларға арналған декларациялардан бұған дейін жөнелтуші кеден органы ұсынған мәліметтердің күшін жою туралы ақпарат алуды және өндеуді;

д) Комиссияның интеграциялық сегментінен үшінші елдің орталық кеден органынан ұсынылған тауарларға арналған декларациялардағы мәліметтердің алуды және өндеуді;

е) Комиссияның интеграциялық сегментінен үшінші елдің орталық кеден органы бұған дейін ұсынған тауарларға арналған декларациялардағы мәліметтердің өзгерістерін алуды және өндөуді;

ж) Комиссияның интеграциялық сегментінен үшінші елдің орталық кеден органы бұған дейін ұсынған тауарларға арналған декларациялардағы мәліметтердің күшін жоу туралы ақпаратты алуды және өндөуді;

з) үшінші елдің орталық кеден органы ұсынған тауарларға арналған декларациялардағы мәліметтерді алушы кеден органында өндөу нәтижелері, оның ішінде тауарларға арналған декларациялардағы мәліметтердің өзгерістері туралы хабарламаларды және тауарларға арналған декларациялардан бұған дейін ұсынылған мәліметтердің күшін жоу туралы ақпаратты қалыптастыруды және Комиссияның интеграциялық сегментіне жіберуді қамтамасыз етеді.

10. Жалпы процесті іске асыру шенберінде үйлестіруші автоматты режимде:

а) тауарларға арналған декларациялардағы мәліметтерді жөнелтуші кеден органынан алуды және үшінші елдің орталық кеден органына жіберуді;

б) бұған дейін ұсынған тауарларға арналған декларациялардағы мәліметтердің өзгерістерін жөнелтуші кеден органынан алуды және үшінші елдің орталық кеден органына жіберуді;

в) тауарларға арналған декларациялардағы бұған дейін ұсынылған мәліметтердің күшін жоу туралы ақпаратты жөнелтуші кеден органынан алуды және үшінші елдің орталық кеден органына жіберуді;

г) Комиссияның интеграциялық сегментіне келіп түскен тауарларға арналған декларациялардағы мәліметтердің өзгерістерін жөнелтуші кеден органынан алуды және үшінші елдің орталық кеден органына жіберуді;

в) тауарларға арналған декларациялардан бұған дейін ұсынылған мәліметтерді үшінші елдің орталық кеден органында өндөу нәтижелері туралы хабарламаларды, оның ішінде тауарларға арналған декларациялардағы мәліметтердің өзгерістерін және тауарларға арналған декларациялардағы мәліметтердің күшін жоу туралы ақпаратты жөнелтуші кеден органына жіберуді;

д) Комиссияның интеграциялық сегментіне үшінші елдің орталық кеден органынан келіп түскен тауарларға арналған декларациялардағы мәліметтерді алушы кеден органына жіберуді;

е) Комиссияның интеграциялық сегментіне үшінші елдің орталық кеден органынан келіп түскен тауарларға арналған декларациялардағы мәліметтердің өзгерістерін алушы кеден органына жіберуді;

ж) Комиссияның интеграциялық сегментіне үшінші елдің орталық кеден органынан келіп түскен тауарларға арналған декларациялардан бұған дейін ұсынылған мәліметтердің күшін жоу туралы ақпаратты алушы кеден органына жіберуді;

3) үшінші елдің орталық кеден органынан келіп тұсken тауарларға арналған декларациялардағы мәліметтердің, оның ішінде тауарларға арналған декларациялардағы мәліметтердің өзгерістерін алушы кеден органында өндөу нәтижелері туралы хабарламаларды және арналған декларациялардан бұған дейін ұсынылған мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты алуды және үшінші елдің орталық кеден органына жіберуді қамтамасыз етеді.

11. Комиссияның интеграциялық сегментіне кедендік ақпараттың дерекқорынан мәліметтер ұсынуды жөнелтуші кеден органы экспорт кедендік режиміне орналастырылған және межелі елі үшінші ел болып табылатын тауарлар туралы мәліметтерді қамтитын декларацияларға қатысты орындаиды.

12. Тауарларға арналған декларациялардағы мәліметтердің Комиссияның интеграциялық сегментіне ұсыну, егер тиісті техникалық шарттарда өзге шектеулер белгіленбесе, экспортталатын тауарлар шығарылғаннан кейін 4 сағаттан кешіктірмей қамтамасыз етіледі.

13. Тауарларға арналған декларациялардағы өзгертілген мәліметтерді Комиссияның интеграциялық сегментіне ұсынуды жөнелтуші кеден органы мәліметтері бұған дейін үшінші елдің орталық кеден органына ұсынылған және мәліметтеріне кейіннен өзгерістер енгізілген тауарларға арналған декларацияларға қатысты орындаиды. Тауарларға арналған декларациялардағы өзгертілген мәліметтерді Комиссияның интеграциялық сегментіне ұсыну, егер тиісті техникалық шарттарда өзге шектеулер белгіленбесе, тауарларға арналған декларацияға өзгерістер енгізілгеннен кейін 4 сағаттан кешіктірмей қамтамасыз етіледі.

14. Тауарларға арналған декларациялардағы мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты Комиссияның интеграциялық сегментіне ұсынуды жөнелтуші кеден органы мәліметтері бұған дейін үшінші елдің орталық кеден органына ұсынылған және оларға қатысты кеден органы шығарудан кейін кері қайтарып алуға рұқсат еткен тауарларға арналған декларацияларға қатысты орындаиды. Тауарларға арналған декларациялардағы мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты Комиссияның интеграциялық сегментіне ұсыну, егер тиісті техникалық шарттарда өзге шектеулер белгіленбесе, тауарларға арналған декларация қайтарып алынғаннан кейін 4 сағаттан кешіктірмей қамтамасыз етіледі.

15. Үшінші елдің орталық кеден органы ұсынған тауарларға арналған декларациялардағы мәліметтердің, оның ішінде тауарларға арналған декларациялардағы мәліметтердің өзгерістерін және тауарларға арналған декларациялардағы мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты қабылдап алуды және өндеуді жөнелтуші кеден органы, егер тиісті техникалық шарттарда өзге шектеулер белгіленбесе, Комиссияның интеграциялық сегментінен көрсетілген мәліметтер алынғаннан кейін 15 минуттан кешіктірмей қамтамасыз етеді.

16. Тауарларға арналған декларациялардағы мәліметтердің, оның ішінде тауарларға арналған декларациялардағы мәліметтердің өзгерістерін және бұған дейін ұсынылған мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты қабылдап алуды және өндөуді жөнелтуші кеден органы, егер тиісті техникалық шарттарда өзге шектеулер белгіленбесе, көрсетілген хабарламалар Комиссияның интеграциялық сегментінен алынғаннан кейін 15 минуттан кешіктірмей қамтамасыз етеді.

17. Тауарларға арналған декларациялардағы мәліметтердің, оның ішінде тауарларға арналған декларациялардағы мәліметтердің өзгерістерін және бұған дейін ұсынылған мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты үшінші елдің орталық кеден органында өндеу нәтижелері туралы хабарламаларды қабылдап алуды және өндөуді жөнелтуші кеден органы, егер тиісті техникалық шарттарда өзге шектеулер белгіленбесе, көрсетілген хабарламалар Комиссияның интеграциялық сегментінен алынғаннан кейін 15 минуттан кешіктірмей қамтамасыз етеді.

18. Жалпы процесті іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл №1 қосымшаға сәйкес функционалдық схема бойынша жүзеге асырылады.

IV. Ақпараттық ресурстар және сервистер

19. Мұше мемлекеттердің орталық кеден органдары кеден органдарының ақпараттық жүйелері шенберінде кедендей ақпараттың дереккорларын, сондай-ақ үшінші елдердің орталық кеден органдары ұсынған тауарларға арналған декларациялардағы мәліметтерді қамтитын ақпараттық ресурстарды қалыптастыруды және жүргізуді қамтамасыз етеді.

20. Жалпы процесті іске асыру шенберінде жалпы ақпараттық ресурстар қалыптастыру көзделмейді.

21. Электрондық ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру кезінде пайдаланылатын кедендей ақпараттың дереккорынан мәліметтердің құрамы Одақтың үшінші тараппен жасасқан халықаралық шарттарында немесе тиісті техникалық шарттарда айқындалады.

22. Электрондық ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру кезінде пайдаланылатын электрондық құжаттардың (электрондық түрдегі мәліметтердің) құрылымдарына және оларды толтыру қағидаларына қойылатын талаптар халықаралық стандарттарда және деректермен электрондық алмасу саласындағы жалпыға бірдей танылған бастамаларда айқындалған ұсынымдар ескеріле отырып, тиісті техникалық шарттармен, ең алдымен Дүниежүзілік кеден ұйымы деректерінің моделімен айқындалады.

23. Электрондық ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар құрылымдарының техникалық схемалары (электрондық түрдегі мәліметтер) Дүниежүзілік кеден ұйымының тиісті қағидалары мен ұсынымдарын сақтай отырып және электрондық ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру кезінде пайдаланылатын және техникалық шарттардың ажырамас бөлігі болып табылатын

Дүниежүзілік кеден ұйымы Деректері моделінің базалық ақпараттық пакеттері құрылымдарының XML-схемаларының негізінде әзіrlenеді.

24. Жалпы процесті іске асыру мақсаттары үшін:

а) Комиссияның интеграцияланған жүйесінің интеграциялық сегменті шеңберінде – осы Қағидалардың 9-тармағында айқындалған үйлестіру функцияларын іске асыруды қамтамасыз ететін электрондық сервистерді іске асыру, пысықтау, теңшеу және (немесе) қолдану;

б) мүше мемлекеттердің кеден органдарының ақпараттық жүйелері шеңберіндегі интеграцияланған жүйенің ұлттық сегменттерінде – осы Қағидалардың 8-тармағында айқындалған мүше мемлекеттер кеден органдарының функцияларын іске асыруды қамтамасыз ететін электрондық сервистерді іске асыру, пысықтау, теңшеу және (немесе) қолдану қамтамасыз етіледі.

V. Ақпараттық өзара іс-қимылдың ерекшеліктері

25. Жалпы процеске қатысуышлардың ақпараттық өзара іс-қимылы осындей өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттардың талаптары ескеріле отырып, интеграцияланған жүйенің интеграциялық платформасы пайдаланыла отырып, осы Қағидалардың 12 – 17-тармақтарында айқындалған талаптарға сәйкес жүйелі негізде жүзеге асырылады.

26. Деректермен электрондық алмасу қағидаларына сәйкес жалпы процеске қатысуышлардың ақпараттық өзара іс-қимылын іске асырудың ерекшеліктері №2 қосымшаға сәйкес айқындалады.

27. Өзара іс-қимыл процесінде пайдаланылатын мәтіндік ақпарат беру тіліне қойылатын талаптар Одақтың үшінші елдермен жасасқан халықаралық шарттарында немесе тиісті техникалық шарттарда айқындалады.

VI. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаттары

28. Жалпы процесс шеңберіндегі электрондық ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру кезінде пайдаланылатын кедендік ақпараттың дерекқорындағы мәліметтер құпия ақпарат ретінде қарастырылады. Көрсетілген мәліметтердің құпиялышының қамтамасыз етуге қойылатын жалпы талаптар Одақтың үшінші елдермен жасасқан халықаралық шарттарында айқындалады.

29. Мүше мемлекеттің ақпараттық қеңістігі ішінде ақпарат беру кезінде мәліметтер берудің қауіпсіздігі мүше мемлекеттің заңнамасына және мүше мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын техникалық талаптарға сәйкес қамтамасыз етілуге тиіс.

30. Интеграцияланған жүйенің интеграциялық платформасы шеңберінде ақпарат беру кезіндегі қауіпсіздік интеграцияланған жүйенің ақпараттық қауіпсіздігі кіші жүйесінің құралдарымен қамтамасыз етілуге тиіс.

31. Жалпы процесті іске асыру және ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде электрондық қолтаңбаны (электрондық-цифрлық қолтаңбаны) қолдану болжанбайды.

VII. Жалпы процесті іске асыруға бағытталған іс-шаралар

32. Комиссия жалпы процесті іске асыру мақсатында осы Қағидаларға сәйкес және техникалық шарттарды ескере отырып, технологиялық құжаттар әзірлеуді, сондай-ақ технологиялық құжаттардың және тиісті техникалық шарттардың талаптарына сәйкес интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерін пысықтауды және (немесе) теншеуді жүзеге асырады.

33. Мұше мемлекеттердің кеден органдары технологиялық құжаттардың және тиісті техникалық шарттардың талаптарын орындау мақсатында ұлттық ақпараттық жүйелерді әзірлеуді (пысықтауды) қамтамасыз етеді.


34. Мұше мемлекеттердің кеден органдары Комиссияның үйлестіруі кезінде технологиялық құжаттардың ережелерін ескере отырып, жалпы процеске қосылу және оны іске қосу рәсімдерін орындауды қамтамасыз етеді.

35. Жалпы процеске қосылу және оны іске қосу жөніндегі іс-шараларды орындау мерзімі Одақтың үшінші тараппен жасасқан халықаралық шарттарына сәйкес мұше мемлекеттердің орталық кеден органдары мен үшінші елдердің орталық кеден органдары арасында кедендік ақпаратпен электрондық ақпараттық алмасуды іске асыру жөніндегі жоспарларда айқындалады.

36. Комиссия кедендік ақпаратпен электрондық ақпараттық алмасудың іске асырылуына бақылауды және мониторингті жүзеге асырады.

"Үшінші елдермен кедендік
акпарат алмасу мақсатында
Еуразиялық экономикалық
одаққа мұше мемлекеттердің
арасында электрондық
акпараттық өзара іс-қимылды
іске асыруды
қамтамасыз ету" жалпы
процесін іске асыру
қағидаларына
№1 ҚОСЫМША

"Үшінші елдермен кедендік ақпарат алмасу мақсатында Еуразиялық экономикалық одаққа мұше мемлекеттердің арасында электрондық ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыруды қамтамасыз ету" жалпы процесін іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылдың
ФУНКЦИОНАЛДЫҚ СХЕМАСЫ



"Үшінші елдермен кедендік
акпарат алмасу мақсатында
Еуразиялық экономикалық
одакқа мүше мемлекеттердің
арасында электрондық
акпараттық өзара іс-қымылды
іске асыруды
қамтамасыз ету" жалпы
процесін іске асыру
қағидаларына
№2 ҚОСЫМША

"Үшінші елдермен кедендік акпарат алмасу мақсатында Еуразиялық экономикалық одакқа мүше мемлекеттердің арасында электрондық акпараттық өзара іс-қымылды іске асыруды қамтамасыз ету" жалпы процесіне қатысушылардың акпараттық өзара іс-қымылын іске асыру ерекшеліктері

1. SOAP-конверттің тақырыптар блогын толтыру қағидалары сегменттердің сәйкестендіргіштерін кестеде келтірілген тізбеке сәйкес толтырылуға тиістігі ескеріле отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімімен бекітілген Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған акпараттық жүйесінде деректерді электрондық алмасу қағидаларына сәйкес болуға тиіс.

Кесте

Интеграцияланған жүйе сегменттері сәйкестендіргіштерінің тізбесі

Арналуы	Домениң аббревиатуrasesы
Еуразиялық экономикалық комиссияның интеграциялық сегменті	EEO
Еуразиялық экономикалық комиссияның интеграциялық сегменті (сыртқы ақпараттық жүйелермен өзара іс-қимылдың кіші жүйесі)	ұшінші елдің 2 әріптік коды ISO 3166-1 (alpha-2) стандартына сәйкес ұшінші елдермен немесе олардың интеграциялық бірлестіктерімен өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін жалпы процестерді іске асyру кезінде пайдаланылады
Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттері	ISO 3166-1 (alpha-2) стандартына сәйкес

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК